

«Степногорск қаласының білім бөлімі» ММ

«Ақсу кентінің № 2 орта мектебі» КММ

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

Тақырыбы:

**«Қашықтықтан оқыту кезіндегі
ата-ана мен балалардың қарым-
қатынасы»**

Жүргізуші: Сынып жетекшісі Омарова С.Б.

Қатысушылар: 7 «Б» сынып ата-аналары

Күн тәртібінде:

1. Сынып жетекшісі С.Б. Омарованың кіріспе сөзі.
(Қазіргі жағдайдағы карантиндік қауіпсіздікті сақтау).
2. І тоқсан қорытындысы туралы. ІІ тоқсанға қойылған міндеттер.
3. «Қашықтықтан оқыту кезіндегі ата-ана мен баланың қарым-қатынасы» тақырыбы бойынша мәселелерді меңгеру.
4. Әр түрлі сұрақтар, пікір алмасу



Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жетілдіру туралы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ**

**ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
КАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ**

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН КАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ**

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ
ДӘРІГЕРІ**

**[C:\Users\045\Desktop\АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ\ПГГСВ АО № 170
рус.pdf](#)**

10.11.2020 жылғы № 170 Қаулысы

II тоқсан қашықтықтан оқыту форматы бойынша жалғасады!

Қашықтан оқыту (ата-аналарға кеңес)

Құрметті ата-аналар! Қашықтан оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін Сіздерге бірнеше кеңес бергіміз келеді:

1. Қазіргі орын алған жағдайда баламен жақын сөйлесіп, достық қарым-қатынас орнатыңыз.
2. Қашықтан оқу – мектептегі оқудың ерекше жағдайдағы бір түрі ғана екенін бала өзі түсінуі керек.
3. Дағдылы күн тәртібін сақтауы керек: ұйықтау және сергу уақыты, сабақтың басталу уақыты, үзілістер т.б. Күн тәртібіндегі шұғыл өзгерістер артық күйзеліске әкелуі мүмкін.
4. Жұмыс орнын дайындаудың да маңызы зор. Ең қажетті нәрселері қол жетімді жерде болуы керек, барлық гаджеттер басқа бөлмеде қалғаны дұрыс. Сондай-ақ балада сыртқы жағдайларға алаңдамай жұмыс істеу мүмкіндігі болуы керек, сондықтан баланың жұмыс орнын үйдегі адамдар мен үй жануарларынан оқшаулағаныңыз дұрыс.
5. Баламен бірге алдағы күнді алдын-ала жоспарлаңыз. Баланың көз алдында сағаттың болғаны дұрыс. Кеште жоспары мен оның орындалуын тексеріңіз.
6. Әр кеште баланың табысы мен сәтсіздіктері туралы онымен бірге талқылаңыз. Ертеңгі күнге жоспар құрыңыз. Даулы жағдайларда шешімді бірге іздеңіз. Қолдауыңыз бен құшағыңызды аямаңыз.
7. Егер балада қиындықтар туып, қорқыныш пайда болса, өз бетіңізбен шешімін таба алмай жатсаңыз, Сіз әрқашанда сынып жетекшісі мен мектептің мамандарының көмегіне жүгіне аласыз.

Құрметті ата-ана!


Есте сақтаңыз!!!

Мектеппен бірге ата-аналар да балалардың бағдарламаларын меңгеруіне жауапты. Дағды мектептегі оқу кезінде ата—аналар баланың болуына қалай жауап берсе, қашықтан оқу кезінде олардың қашықтан оқыту сабақтарында болуына жауап берсе, тапсырмаларды қашықтан орындауын солай қадағалауы керек.

Бала білім беру бағдарламаларын меңгеру аяқталған соның ішінде қашықтан оқу кезінде де, мұғалімнің талаптарын орындауға міндетті. Қашықтықтан оқыту барысында ата-аналарға оқу үдерісін бақылауды өз қолдарына алуға тура келеді.



2019-2020 ж. білім сапасы - 75 %, оқу үлгерімі - 100%:
2020-2021 ж. I тоқсанда білім сапасы - 75 % , оқу үлгерімі 100%



2019-2020 оқу жылында «5» - 0

2020-2021 оқу жылында «5» - 13

Тамерлан «5» - 4 пәннен
Бану «5» - 3 пәннен
Құдайберген «5» - 2 пәннен
Ерасыл «5» - 2 пәннен
Мариям «5» - 1 пәннен

I - тоқсанның қорытындысы бойынша

Сынып жетекшісі **Омарова Сагдат Бакеновна**

Сыныптың орташа жалпы баллы: **4,01**

Пәндер б-ша жалпы білім сап. %:

Пән бойынша жалпы ООЖ (%):

Сыныптың жалпы үлгерімі %: **100**

Сыныптың жалпы білім сап. %: **75**

Кезең соңына: **8**

Бағалар жоқ: **0**

| № | Тегі, Аты | Алгебра | Английский язык. | Биология | Всемирная история | География | Геометрия | Информатика | История Казахстана | Казахская литература | Казахский язык | Русский язык и литература | самопознание | Физика | Физическая культура | Химия | Художественный труд | Орт. Балл | Рейтинг |
|--------------------------------|-----------------------|---------|------------------|----------|-------------------|-----------|-----------|-------------|--------------------|----------------------|----------------|---------------------------|--------------|--------|---------------------|-------|---------------------|-----------|---------|
| 1 | Абильдина Б. | 5 | 4 | 4 | - | 5 | 4 | - | 5 | 4 | 4 | 4 | - | 4 | ЕСП | - | - | 4,3 | 2 |
| 2 | Айсанова М. | 4 | 4 | 4 | - | 4 | 4 | - | 5 | 4 | 4 | 4 | - | 4 | ЕСП | - | - | 4,1 | 4 |
| 3 | Бекжанова А. | 3 | 3 | 3 | - | 3 | 3 | - | 4 | 3 | 3 | 3 | - | 3 | ЕСП | - | - | 3,1 | 7 |
| 4 | Исаев Т. | 4 | 4 | 4 | - | 5 | 4 | - | 5 | 4 | 4 | 5 | - | 5 | ЕСП | - | - | 4,4 | 1 |
| 5 | Кудайберген М. | 4 | 4 | 4 | - | 4 | 4 | - | 4 | 4 | 4 | 4 | - | 4 | ЕСП | - | - | 4 | 5 |
| 6 | Нуртаев А. | 4 | 4 | 4 | - | 4 | 4 | - | 4 | 4 | 4 | 3 | - | 3 | ЕСП | - | - | 3,8 | 6 |
| 7 | Нурушев Е. | 4 | 4 | 4 | - | 5 | 4 | - | 5 | 4 | 4 | 4 | - | 4 | ЕСП | - | - | 4,2 | 3 |
| 8 | Нуршибаев К. | 4 | 4 | 4 | - | 5 | 4 | - | 5 | 4 | 4 | 4 | - | 4 | ЕСП | - | - | 4,2 | 3 |
| Пән бойынша орташа балл | | 4 | 3,88 | 3,88 | | 4,38 | 3,88 | | 4,63 | 3,88 | 3,88 | 3,88 | | 3,88 | - | | | | |
| Пән б-ша білім сап. % | | 87,5 | 87,5 | 87,5 | | 87,5 | 87,5 | | 100 | 87,5 | 87,5 | 75 | | 75 | 100 | | | | |
| Пән бойынша ООЖ (%) | | 65 | 60,5 | 60,5 | | 78,5 | 60,5 | | 86,5 | 60,5 | 60,5 | 61,5 | | 61,5 | 64 | | | | |

| Үлгерімі | | Саны | Сыныптағы % | АТЫ-ЖӘНІ |
|--------------------------------|----------------|----------|-------------|---|
| Үздік оқушылар | | 0 | 0% | |
| Үлгерімі жақсы оқушылар | Барлығы | 6 | 75% | Абильдина Б. Айсанова М. Исаев Т. Кудайберген М. Нурушев Е. Нуршибаев К. |



***Әрине,
қазір заманда Интернетсіз
өмір сүру мүмкін емес.
Бірақ, заманауи
технологияларды зиян шегу
үшін емес,
өз игіліктерімізге пайдалану
маңызды.***

Интернеттен 5 қатерлі қауіп төндіреді:



1. Денсаулыққа теріс әсер тигізуі
2. Балалардың виртуалды ортаға терең еніп кетуі
3. Жағымсыз контентке тап болулары
4. Бейтаныс адамдармен тілдесу мүмкіндігі
5. Желіде бейтаныс адамдармен тілдесу шынайы өмірде жалғасын табуы мүмкін ойлауы

Ал Сіздер осымен келісесіздер ме?

Интернетке тәуелділіктің 9 белгісі



1 *Үнемі онлайн болуды қалау*

2 *Интернетке шыға алмаған жағдайда ашушаңдыққа бой алдыру*

3 *Виртуалды кеңістіктен шығуды қаламау*

4 *Оқу үдерісіне және үлгеріміне әсерін тигізетін зейін бұзылысы*

5 *Жеке бас тазалағына немқұрайды қарау*

6 *Тамақтан бас тарту немесе компьютерден не телефоннан бас алмай жүйелі түрде бейберекет тамақтану*

7 *Айналадағы адамдармен жанжалдасу*

8 *Шынайы өмірде қарым-қатынастан бас тарту*

9 *Бар бос ақшаны компьютер мен Интернетке салуға дайын тұру*

Компьютерге тәуелділік тууына не себепші бола алады?

- * Қатарластармен қарым-қатынас жетіспеушілігі
- * Ата-ана тарапынан жеткілікті көңіл бөлінбеуі
- * Өз-өзіне, өз күшіне сенбеушілік, ұялшақтық
- * «Барлығы сияқты» болуды қалау
- * Ермек не хобби, компьютермен байланысы жоқ кез-келген басқа қызығушылықтардың жоқтығы
- * Стресске төмен төзімділік
- * Дау-жанжалдарды шеше алмау
- * Қиындықтардан қашып кетуді қалау
- * Ұжымда нашар бейімделу

КИБЕРБУЛЛИНГ

Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету

- * Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады.
- * Өйткені, қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына да тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды.




- * **2020 жылғы 1 маусымда балаларды кибербуллинг және өзге зорлық түрлерінен қорғаудың Қазақстандық бағдарламасы бекітіледі.**
- * Сонымен қатар әр адамның өзінің құқықтық кеңістігі бар (азаматтық, отбасылық, әкімшіліктік) мемлекеттік заңдармен реттелетін. Әрине кеңістіктен тыс жасалған іс- әрекеттер адамдардың, ұйымдардың заң бұзушылығына жатады.
- * Правовое поле – упрощённо, это все общественные отношения (гражданские, семейные, административные и.т.д.), которые регулируются законами государства. Соответственно, вне правового поля, означает нарушение закона или действия людей и организаций за рамками закона.

БАЛАЛАРҒА ТҮСІНДІРУ ҚАЖЕТ!!!

«Кез келген адамның кибербуллинге ұшырауы мүмкін екені есінде болсын. Егер де сенімен бұндай жағдай орын алып жатса, ол сенің кінәң емес. Дегенмен саған онлайн қауіпсіздігін сақтау қажет. Және көмек сұраудан қорықпа, бұл – әлсіздік емес».

5 минуттық жаттығу

Упражнение за 5 минут



«Қашықтықтан оқыту кезіндегі ата-ана мен баланың қарым-қатынасы»



Баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасында баланың мінез-кұлқы, әдет дағдысы қалыптасады. Еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру – біздің негізгі мақсатымыз



5-8 сыныптар арасында алғашқы кезеңдегі тәрбие түрлері әрі қарай дамытыла түседі. Бұл тұста жас ерекшелігіне қарай қыз бала мен ер бала анасынан ешнәрсе бүкпейді. Қит еткен нәрсенің бәрін анасына, әкесіне айтып береді.

Сол шыншылдығымен ашықтығын пайдаланып баланың келешегіне ең керекті нәзіктік, ілтипаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тұрақтылық сияқты мінездерді қалыптастыру басты борыш.



1

БҰЙРЫҚ. ӨТІНІШ. ТАПСЫРМА.

БАЛАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН БАСҚАРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ҚҰПИЯЛАР

1. Қарым-қатынастан бұйрықты алып тастаңыз
2. Бұйрықты өтінішпен алмастырыңыз
3. Тапсырма беріңіз

Мен бұйырамын ба, әлде өтінемін бе?

Өтініш берерде өзіңізден сұраңыз: өтінішіңізге «жоқ» немесе «жоқ, көмектеспеймін», «жоқ, уақытым жоқ», «жоқ, өзімнің жұмыстарым бар» деген жауап естуге дайынсыз ба? Егер жауабыңыз «жоқ» болса, онда бұйрық беріп тұрсыз.

Бұйрық «жоқ» деген жауапты көтере алмайды.

Демек, балаңыз қатал ережелермен өмір сүреді және оған сізге «жоқ» деуге болмайды. Мұндай жағдайда балаңызға түрлі қорқыныштар айнымас серік болуы мүмкін. Егер «Маған қоқыс шығаруға көмектесіп жіберші, өтінемін» деген өтінішіңізге балаңыздың «Жоқ, көмектескім келмейді» деген жауабын естуге дайын болсаңыз, демек, шынымен өтініш білдіресіз және балаңызға таңдау құқығын бере аласыз.

Тапсырма

бірнеше ережелерге сай болуы тиіс:

1. Бала тапсырманы өз бетінше орындай алуы тиіс.
2. Тапсырма әлдебір іс үшін жазалау емес, басқа отбасы мүшелеріне жүктелген міндет сияқты маңызы бірдей іс.
3. Тапсырма оны орындау не үшін маңызды екенін түсіндіре отырып беріледі және болашаққа бағыт сілтеумен қуатталады. Мысалы, «Сабағыңды оқып болған соң, өтінемін, оқу құралдарыңды сөреге жинап қойшы. Сонда бөлмең үнемі жинақы болады, оған кірген сайын да көз қуанады».



2

СИПАУ. ШЫДАУ. ОЙЛАНУ.

БАЛАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН БАСҚАРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ҚҰПИЯЛАР

Қолайсыздықтарды бастан өткеруге қалай көмектесу керек?

Егер баланың жанында болсаңыз, қолайсыздықтарды (тіпті дәл сол сәтте олар сізге қолайсыздықтар болып көрінбесе де) бастан өткеруде қолдау білдіріңіз:

1. Сипау.

Жанында болыңыз, баланы қолайсыздықтармен және басынан өтіп жатқан сезімдермен оңаша қалдырмаңыз. Қолмен де, сөзбен де сипауға болады, мысалы: «Иә, жанға батады екен». Немесе бір белгілер ойлап табыңыз: егер қолыңды үш рет қысса, «Сені жақсы көремін» дегенді білдіреді. Осылайша үнсіз де сипауға болады. Сізге және балаңызға ыңғайлы сипау әдісін таңдаңыздар.

2. Балаға жанына бататын сезімдерді еңсеруге

үйретіңіз.

Кез-келген сезім уақытша екеніңізді білдіріңіз. Егер жанға батса, жағын санауға болады, мысалы, 10 дейін санауға болады, т.б.

3. Ойлану: осындай жайтты басқаша істеу

Бала сабырға келген соң, осы шешімдерді бірге іздеп көріңіз. айналдырыңыз. Ересектердің өзі осы ережелерді бастап, кейін балаға үйретуі маңызды.

СИПАУ. ШЫДАУ. ОЙЛАНУ.

БАЛАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН БАСҚАРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ҚҰПИЯЛАР

Қолайсыздықтарды бастан өткеруге қалай көмектесу керек?

Егер баланың жанында болсаңыз, қолайсыздықтарды (тіпті дәл сол сәтте олар сізге қолайсыздықтар болып көрінбесе де) бастан өткеруде қолдау білдіріңіз:

1. Сипау.

Жанында болыңыз, баланы қолайсыздықтармен және басынан өтіп жатқан сезімдермен оңаша қалдырмаңыз. Қолмен де, сөзбен де сипауға болады, мысалы: «Иә, жанға батады екен». Немесе бір белгілер ойлап табыңыз: егер қолыңды үш рет қысса, «Сені жақсы көремін» дегенді білдіреді. Осылайша үнсіз де сипауға болады. Сізге және балаңызға ыңғайлы сипау әдісін таңдаңыздар.

2. Балаға жанына бататын сезімдерді еңсеруге үйретіңіз.

Кез-келген сезім уақытша екеніңізді және өтіп кететінін айтып білдіріңіз. Егер жанға батса, жағымсыз болса, мұңайса, кішкене санауға болады, мысалы, 10 дейін санауға, жараным 5 рет үрлеуге





МАҚТАУ. КӨМЕК. ҚОЛДАУ.

3.1

БАЛАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН БАСҚАРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ҚҰПИЯЛАР

1. ДҰРЫС МАҚТАҢЫЗ

Үш маңызды ережені ұстаныңыз:

* Нені **көріп тұрғаныңызды** сипаттаңыз: әдемі әріптер, таза киім, жинақы үстел, т.б.

* Соған байланысты **нені сезіп тұрғаныңызды** сипаттаңыз: қуаныш, шаттық, рақат, қанағаттану, т.б. — тек ұнамды сезім!

* Баланың мақтауға лайық мінез-құлқын аталмыш жағдайда көрсеткен **қасиетін білдіретін сөзбен** қорытындылаңыз: ұқыптылық, тәртіптілік, шыдамдылық, ынталылық, шапшаңдық, ептілік, тапқырлық, т.б.

Есіңізде болсын: мақтау ұнамды қасиетті нығайтуы және дамуға ынталандыруы тиіс.

2. КӨМЕКТЕСІҢІЗ

Көмек — ең алдымен **ҚОЛҒАБЫС ЕТУ**, бала мен ата-ананың **БІРГЕ** әрекет етуі: бала істейді, ал ересек адам қалай шешім табу керек екенін айтып отырады. Ересектер көбінесе баланың **ОРНЫНА** істей салады (солай тезірек, жүйке азырақ тозады, т.б.).

Бұл баланың **өзін төмен бағалауына**, өзіне деген сенімділігін және ынтасын жоғалтуға («Мен жолым болмайды», «Менің қолымнан келмейді»), әлемді жағымсыз кейіпте қабылдауға және арқа сүйеушілік ұстанымы («Бәрін менің орныма істей салады») қалыптасуына апарады. Нәтижесі: қыңырлық, айла-шарғы жасау, үй тапсырмасын әдейі кеш орындау, т.б.

Балаға **өмірлік дағдыларды өз бетінше игеруге** мүмкіндік беріңіз, өзіңіз тек қалай істеуге болатынын айтып отырыңыз және жаңа дағдыны меңгеруге көмектесіп отырыңыз. Бәрі тез және бірден бола кетпейді, бірақ, нәтижесін көресіз — бала күрделі істерді өз бетінше атқара бастайды.



МАҚТАУ. КӨМЕК. ҚОЛДАУ.

3.2

БАЛАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН БАСҚАРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ҚҰПИЯЛАР

1. ҚОЛДАУ КӨРСЕТІҢІЗ

Біз қолдауды көбінесе іс-әрекетті мақұлдаумен немесе сезімдерді теріске шығарумен шатастырамыз. Баланың: «Марат маған қалам лақтырды, ал мен оны итеріп жібердім» деген шағымына біз: «Дұрыс істепсің, қалам лақтырған қандай болатынын көрсін» деп, істеген ісін мақұлдау арқылы ұнамсыз қылықты нығайтамыз; бала қиын тапсырманы орындай алмай жылағанда біз: «Жылама, бұл - оңай тапсырма» деп, сезімдерін көрсетуге тыйым саламыз.

Қолдау білдіру үшін келесі ережелерді ұстаныңыз:

- * Бірігуді қолданыңыз: «Біз істей аламыз», «Кел, қалай істеу керек екенін бірге шешейік».
- * Түсіндіруді қолданыңыз: «Басқа біреуді итеру қауіпті болуы мүмкін».
- * Баланың сезімдеріне ортақтасыңыз: «Саған біреу бірдеңе лақтырса, әрине, көңіл-күйің түседі».
- * Ақыл үйретудің орнына өз тәжірибеңізбен бөлісіңіз: «Мен кішкентай болғанда, мен де есеп шығаруды бірден үйреніп кеткен жоқпын».
- * Басқа балалармен салыстырмаңыз – баланы тек өз жетістіктерімен ғана салыстырыңыз: «Екі есепті шағыра алдың ғой, онда басқаларын да шығара аласың».
- * Көмектесуге дайын екеніңізді айтыңыз: «Мен жаныңдамын, менен кез-келген уақытта көмек сұрай аласың».
- * Дұрыс мақтаңыз.

Сонда қолдау балаға тірек болады, өз-өзіне сенімділік береді және баланың өміршеңдігін сақтайды.



Балаға қолдау және көмек



**Қарым-қатынас үшін
ұсынылмайтын
тіркестер:**

- Мен саған мың рет айттым...
- Қанша рет қайталау керек...
- Сен осы не туралы ойлайсың...
- Мұны да есте сақтау қиын ба...
- Сен бара бара..... болып барасың
- Сен де дәл сол сияқты,...
- Мазамды алма, менің уақытым жоқ...
- Неге Әсел (Арман, Жәния және т. б.) осындай, Ал сен-жоқ...



**Қарым-қатынас үшін
ұсынылатын
тіркестер:**

- Сен менің ақылдым, әдемім (және т.б.).
- Сенің менде бар болғаның қандай жақсы.
- Жарайсың.
- Мен сені өте жақсы көремін.
- Сен мұны қалай жақсы жасадың, маған да үйретші.
- Рахмет, Мен саған өте ризамын.
- Егер сен болмасаң, мен ешқашан мұны жасай алмас едім.

Келесі ата-аналар жиналысына тапсырма:


- 1. Ұсынылатын сөйлем тіркестерін күніне неше рет қолдандыңыз?**
- 2. Қандай кезде, кімге қатысты қолдандыңыз?**
- 3. Осындай қарым-қатынастан ненің өзгергенін байқадыңыз?**

Ата – аналарға өсиет

Адам азса, тәрбиенің
жОҚТЫҒЫНАН азады, қоғам азса
адамдардың тәрбиесіздігінен
азады.

Балаға дұрыс тәрбие беру
қоғамның болашақ дамуының
кепілі.

Сондықтан да баланың
тәрбиесін мектепке артып
қоймай, ата-ана, бүкіл қоғам,
ақпарат құралдары болып
атсалысу қажет.



Жиналыстың шешімі:

1. Қазіргі жағдайдағы карантиндік қауіпсіздікті сақтау туралы ақпараттар мәмлеге алынсын.
2. I тоқсан қорытындысы туралы ақпараттардың негізінде II тоқсанға қойылған міндеттер толық орындау мәмілеге алынсын.
3. Ата-ана мен балалардың қарым қатынасын нығайту үшін берілген ақпараттар меңгерілсін. Ата-анаға үйге берілген тапсырманы орын

Жиналыстың

1. Қазіргі жағдайдағы карантиндік қауіпсіздікті сақтау туралы ақпараттар мәмлеге алынсын.
2. I тоқсан қорытындысы туралы ақпараттардың негізінде II тоқсанға қойылған міндеттер толық орындау мәмілеге алынсын.
3. Ата-ана мен балалардың қарым қатынасын нығайту үшін берілген ақпараттар меңгерілсін. Ата-анаға үйге берілген тапсырманы орын



Рахима Жармағанбетовна

Сардаат Омарова

Мерей Кудайбергали

КТУ "СЫЛЫҚ ДАМУ" АҚ

Анара

Жанара